Әнімен тербеп туған елін

Адамзат тарихында бір ғана еңбегімен есімі жатталып қалатын азаматтар көп. Кемел композитор Эжен Потье көптеген шығарманың авторы екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ал оның «Интернационалын» күні кешеге дейін жер шарының тең жартысы шырқады.

Халқымыздың аяулы азаматы, қазақтың аса көрнекті композиторы, жерлесіміз Әбілахат Еспаев ұрпаққа, еліне қалдырған 250-ден аса әндерімен қазақ ортасында уақытында танылды ма?

Кешегі, қаранның 25-і күні мерейлі 90 жасқа толып жатқан – өнер несі, халқымыздың ан өнеріне айшықты із қалдырған, шығармалары бабалар үнімен жалғасып жатқан композитор – Әбілахат Еспаев жайлы №2 ОӘҒК, Өнер бөлімінде «Әнімен тербеп туған елін» тақырыбында ән кеші өтті.

Композитордың шығармашылығына тоқталсақ: мектепте оқып жүргенде ан шығара бастаған. Бала жасынан музыкаға қабілетті болған. Әндерін халық жақсы қабылдаған. Сосын Әбілахат ага мектеп қабырғасында жүргенде орыстың мандолин аспабында жақсы ойнаған. Әскери училищеде оқып жүргенде жазған лекцияға арналған дәптерлері әлі сақталған екен. Сол дәптерлерінің бір беті лекция болса, екінші беті – ноталар, романстар! Ягни қайда жүрсе де музыкаға, әнге, әуенге құмар болған. Әбілахат Еспаев вокальдық музыка жанрында ан-романс, баллада, хорга арналған шығармаларды көп жазған. Композитордың «Маржан қыз», «Әлі есімде», «Сағынып екен бала кез», «Жайық қызы», «Ақ сәуле», «Бейбітшілік сақталады», «Торғай телгауы», «Устазым», «Қайдасыңдар, достарым», «Қазақстан мәңгілігі», тағы да басқа 250-ден асатын әндері мыңдаған тыңдаушыларының жүрегінде жатталып қалған сәтті туындылар!

Композитордың драмалық шығармаларға да музыка жазған. Бейімбет Майлиннің «Шұға», Қасым Аманжолоктың «Досымның үйленуі», Әбділда Тәжібаевтың «Той», Иса Байзақовтың «Ақ бөпе» поэмасы бойынша қойылған спектакльдерге әуен жазған, және көрермен, көпшілік көңілінен шыққан. Әбілахат Еспаевтың «Әндер», «Ак [illegible]» малары жастарға насихатталды. «Қазына» ардагерлер ансамблінің күміс көмей әншілері Ақторта Әбілованың баянмен сүйемелдеп өз орындауындағы «Әлі есімде», (сөзі-Н.Әлімқұлов); әншші - Набира Онжанованың орындауында «Қайдасыңдар, достарым», (сөзі-Қ.Ыдырысов); музыкант Тоқтар Әбдіхамитовтың орындауында «Устазым менің, устазым» (сөзі-А.Шамкенов); домбырамен орындаған Зайра Сығаеваның «Сағынып екен бала кез», (сөзі-О.Әубәкіров); «Ақ сәулем», (сөзі-Қ.Аманжолов) әндері тыңдаушылар көңілінен шықты. Кеш соңында композитор Әбілахат Еспаевтың әнхорга арнап жазған «Қазақстан шаңғыы» (сөзі Г.Қайырбекова) және «Бейбітшілік сақталады» (сөзі-Н.Шакенов) әндерін Ақторта Әбілованың баян аспабында сүйемелдеуінде хормен орындалды.

Композитор [illegible]палардан жарық көрген. Өнер бөлімінде 1979 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Күрдастар», 2008 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Устазым менің, устазым» ан жинақтары оқырмандарға насихатталды. 2014 жылдың 4-ші шілдесінде жарияланған Фариза Дәулеттің Әбілахат Еспаевтың қызы Гулсім Еспаевамен сұхбатында айтылғандай: Әбілахат Еспаев қазақтың бір туар марқасқалары Нұрғиса Тілендиевпен, қазақтың вальс королі Шәмші Қалдаяковпен жақын дос болған деседі. Аяулы достарының «достары» жайлы айтқан ой-пікірлерінде:

Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, Халық Қаһарманы, композитор, шебер орындаушы, дирижер Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев екі сөзінің бірінде: «Мен жалаң аяқ бала болып, домбырамды қолға алып көшеде ойнап жүрген жерімнен Әбілахат ағаға жолығып, ойнаған күйлерімді тыңдап, қолымнан жетелеп ертіп, халық аспаптар оркестрінің дирижері композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановқа табыстаған болатын. Мені осындай дәрежеге бірінші жетелеген устазым, Әбілахат агайым», - деп отырады екен.

Шәмші Қалдаяқовтың дүркіреп тұрған шағында бір журналист «Сізді [illegible] композитор таласа алмайды-ау. Солай той, Шәке?» деген екен. Сонда Шәмші ага: «Неге олай дейсің? Біздің арамызда ең ұлағатты композитор – Әбілахат Еспаев. Өз басым Әбілахаттай ан жаза алмай жүрмін. «Король» деп жатырсың той, біле білсек, Әбілахат – саз өнерінің сұлтаны. Әнінің маршалы. Ән жазса, Әбілахат жазсын! Ән жазсаң, Әбілахаттай жаз!» - деген екен.

Өнер табиғилығымен күнді. Халқымыз шын асылын көздің қарашығындай сақтаған. Сондықтан композитор Әбілахат Еспаевтың әндерін біз келешек ұрпақтың рухани азығы болады деп ойлаймыз. 90 жылдығын атап өтіп жатқан ағамыз-композитор Әбілахат Еспаев бар жоғы 54 жас өмір сүріп, 1980 жылдың 30 сәуірінде дүниеден өткен екен. Жетімдікті, ашықтық, қуаңдықты, соғысты, өмірдің қиындықтарын басынан кешіре жүріп ұрпағына ұмытпас әнмен мұра қалдырған жерлесіміз, композитор Әбілахат Еспаевтың 90 жылдығына арналған «Әнімен тербеп туған елін» ан кешін заманымыз, тыныш, еліміз бай-қуатты болсын деп, композитордың «Бейбітшілік сақталады» (сөзі-Н.Шакенов) ан-хорымен аяқтадық.

Әмір ЖҰМАҒАЛИЕВА